

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2008 жылдың 29 желтоқсанындағы " Әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкалары туралы" N 15-117 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 2 наурыздағы N 19-128 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 20 наурызда N 2-13-92 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қарашадағы № 38-222 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 24.11.2014 № 38-222 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2008 жылдың 29 желтоқсанындағы " Әкімшілік – аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкалары туралы" N 15-117 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 19 қаңтарында N 2-13-85 болып тіркелген, аудандық "Кербұлақ жұлдызы" газетінің 2009 жылдың 23 қаңтарының N 4 (3441) санында жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1. Шешімнің 2-тармағындағы:

"Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі" деген жолдар "Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі" деген жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>сессия төрағасы</i>	<i>А у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Дәулет Мұратбекұлы Нүспеков</i>
	<i>К е р б ұ л а қ а у д а н д ы қ</i>
	<i>Есенбай Әбдірахманұлы Сұраншынов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК